

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

---

выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

---

<https://doi.org/10.48081/AHDL2386>

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шоқубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

<https://doi.org/10.48081/LGKC9217>

**Н. Бирай<sup>1</sup>, Г. Т. Шоқым<sup>2</sup>, \*К. Б. Жумашева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Памуккале университеті, Түркия, Денизли қ.;

<sup>2</sup>Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,  
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

## **ГЕНДЕРЛІК ОППОЗИЦИЯНЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДЕ МЕТАФОРЛАР АРҚЫЛЫ БЕЙНЕЛЕНУІ**

*Қазіргі таңда әлемнің тілдік бейнесіндегі адамды зерттеуде тілдік тұлғаның әсеке сипаттамалары, оның ішінде жсыныс категориясы маңызды орынға шығып отыр. Түрлі лингвомәдени қауымдастықтағы гендерлік түсініктердің мазмұны тілдік құрылымдар арқылы қарастырылады, себебі гендерлік таным тілдің барлық деңгейлерінде көрініс тауып, белгілі бағаларды білдіреді. Мақалада гендерлік мазмұндағы мақал-мәтелдер тілдің паремнологиялық қорының маңызды қабатын құрайтындығы негізге алына отырып, түрлі лингвомәдениеттегі әлем бейнесін тануда маңызды материал болып табылатындығы айқындалған. Және концептуалды метафоралардың қатарына енетін, ұлттың, мәдениеттің өзіндік ерекшелігін білдіретін гендерлік метафора категориясына түсініктеме берілген. «Гендер» еркектік және әйелдік категорияларын ашып көрсететін болғандықтан, гендерді құрылымдаудың негізгі мәні оппозитивті қарым-қатынас екендігі келтірілген. Осыған байланысты мақал-мәтелдер ойлау мен тілдің метафоралылығының арқасында мәдени концептуалды метафоралардың ең көп қолданылатын дискурсивтік ортасы ретінде қарастырыла отырып, мақал-мәтелдер корпусынан мазмұнында гендерлік метафоралар арқылы берілген гендерлік оппозитивті қатынас бар мақал-мәтелдер іріктеліп алынып, бірінші бөлігі аталық бастаумен, ал екінші бөлігі аналық бастаумен байланысты айтылған бинарлы оппозициялар жүйесіне талдау жасалады. Талдау барысында ұл-қыз, ата-ана, еркек-әйел оппозициялары айқындалып, Дж. Лакофф және М. Джонсонның ұсынған концептуалды метафора теориясы бойынша гендерлік метафоралардың қатары көрсетіледі. Келтірілген метафоралық*

*қолданыстардан бірнеше метафоралық модельдер анықталған. Зерттеу қорытындысында алынған нәтижелерге бағалауыштық-сипаттамалық тұрғыдан баға беріліп, мақал-мәтелдерде кездесетін гендерлік метафоралар халықтың дүниетанымының, өмір тәжірибесінің көрінісі деген тұжырым дәлелденген.*

*Кілтті сөздер: гендерлік метафора, гендерлік оппозиция, мақал-мәтел, метафоралық модель, гендерлік лингвистика.*

## **Кіріспе**

Қазіргі таңда әлемнің тілдік бейнесіндегі адамды зерттеуде тілдік тұлғаның жеке сипаттамалары, оның ішінде жыныс категориясы маңызды орынға шығып отыр. Еркектер мен әйелдер табиғаты бойынша бірдей адамдар, сонымен қатар олар «гендерлік ерекшелік» деп аталатын белгілі бір сипаттар бойынша ерекшеленуі мүмкін.

«Гендер» немесе «жыныс» термині – еркек пен әйел ойының, ақылының, мінез-құлқының ерекшеліктерін білдіретін түсінік. Г. Брандтың пайымдауынша, «жыныс» сөзі табиғаттан берілген биологиялық, физиологиялық табиғи белгілерді білдірсе, «гендер» термині мәдени ерекшеліктерге байланысты рухани тұрғыда еркектер мен әйелдерді ерекшелейтін тілдік, мінез-құлық және жеке белгілердің жиынтығы [1, 169]. Түрлі лингвомәдени қауымдастықтағы гендерлік түсініктердің мазмұны тілдік құрылымдар арқылы қарастырылуы мүмкін, себебі гендерлік таным тілдің барлық деңгейлерінде көрініс тауып, белгілі бағаларды білдіреді.

Н. Ф. Алефиренконың пікірінше, «әлемнің тілдік бейнесінің эмотивті-бағалауыштық мазмұны әлеуметтік-мәдени түсініктермен генетикалық тұрғыда тікелей байланысты» және «жанама-туынды атау белгілерімен вербалданған (метафора, фразеологизм, мақал-мәтел) [2, 202]. Сондықтан да мақал-мәтелдер зерттеу жұмысының талдау материалы ретінде алынып отыр.

Гендерлік мазмұндағы мақал-мәтелдер кез келген тілдің паремиялогиялық қорының маңызды қабатын құрайды. Бұл қабат соңғы кездерде өзекті зерттеу нысаны ретінде қарастырылып, түрлі лингвомәдениеттегі әлем бейнесін тануда мазмұнды материал болып табылады. Мағынасының негізгі өзегі адам болып табылатын мақал-мәтелдерді зерттеу қазіргі лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан аса маңызды. Қазіргі таңда зерттеуші тілшілер тілдік құбылыстарды зерттеуде антропоөзектік қағидатқа сүйенеді.

А. Г. Фоминнің пікірінше, гендер психолінгвистикалық категория ретінде тіл мен сөйлеуде көрініс табатын гендерлік сәйкестіктеріне байланысты негізгі қоғамдық институттар қалыптастырған және жеке тұлғалардың өздері құрған әлеуметтік қатынастардың моделін, көпкомпонентті құрылымын білдіреді [3, 84].

Мақал-мәтелдердің универсалдық ерекшелігі ретінде мәдени маңызды ақпаратты ұзақ уақыт бойы сақтауын қарастыруға болады. И. В. Зыкованың айтуынша, «тілдің фразеологиялық кеңістігі белгілі бір халықтың мәдени өмірінің көрінісі ретінде «маскулиндік» және «феминдік» концептілердің ерекшелігін толық аша алады» [4, 18].

1985 жылдың өзінде ғалым Мидер есептеуі бойынша мақалдың 50-ден астам анықтамасы болғандығын айтады, одан кейін қаншама анықтамалар пайда болды. Алайда көптеген паремиологиялық анықтамалар мен сипаттамалардың ішінде мақал-мәтелдердің метафоралылығына мән берілмеген. Негізінде мақал-мәтелдердің метафоралылығы туралы түсіндірме Аристотельден бастау алады. Аристотель мақалды метафора ретінде түсінеді, яғни бір түрдің екінші түрге ауысуы деп қарайды. Соңғы жылдары мақал-мәтелдердің метафоралығын зерттеген ғалымдар бұл құбылысты кездейсоқтық деп қарастырған. Когнитивист-паремиолог Хонек метафораны мақалдарда кездесетін троптың бір түрі ретінде қарастырады. Когнитивті лингвистика тұрғысынан қарағанда, мақалдардың метафоралылығын дәлелдеу артық, себебі метафора кез келген дискурста кездеседі. Сондықтан концептуалды метафораларды зерттеуде мақал-мәтелдер дискурсы маңызды дереккөз бола алады.

Мақал-мәтелдердің мәдени маңыздылығы туралы ешқандай талас тудыра алмаймыз. Олар «түрлі кезеңдердегі түрлі әлеуметтік кластардың көзқарасы мен дүниетанымының сандығы» [5, 21]. Алайда мақал-мәтелдердің белгілі бір мәдениетке тән метафораларды анықтаудағы маңыздылығы толығымен ашылған жоқ. Егер де метафора мақал сияқты нақты мәтіннен алынса, бұл метафора осы тілдік және мәдени қоғамдастықта маңызды ұғым екендігінің дәлелі. Метафораларды когнитивті-психологиялық тұрғыдан қарастырған, оның ішінде мақал-мәтелдердің метафоралылығын зерттеген ғалым Гиббс мақал-мәтелдердің «метафораға толы табиғаты» зерттеу объектісі болмағандығын айтады [6, 40]. Осылайша, біздер бұл зерттеуімізде мақал-мәтелдерді белгілі бір дискурсивтік дәстүрде орныққан концептуалды метафоралардың сандығы ретінде қараймыз. Яғни мақал-мәтелдер ойлау мен тілдің метафоралылығының арқасында мәдени концептуалды метафоралардың ең көп қолданылатын дискурсивтік ортасы болып табылады.

Концептуалды метафоралардың қатарына еніп, ұлттың, мәдениеттің өзіндік ерекшелігін білдіретін маңызды категория – гендерлік метафоралар. Гендерлік метафора терминін ғылымға тіл біліміндегі когнитивтік бағыт өкілі М. Джонсон мен Дж. Лакофф енгізген болатын. Гендерлік метафора дегеніміз жынысқа қатысты емес заттарға еркектік және әйелдік ұғымдарына жинақталған барлық сапалар мен қасиеттердің ауысып қолданылуын білдіреді. Әр жыныс өкіліне қоғамдық және жеке санада еркектік және

әйелдік стереотиптерді қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын сәйкес сапалар жиынтығы таңылады.

Метафораларды атау ретінде қолдану санада объектілердің екі класын қалыптастырады: салыстыратын және салыстырылатын. Бұл жағдайда салыстыру базасы салыстырылып отырған объектілердің белгілі бір ортақ қасиеті болып табылады. Метафоралану тетігі адамның жеке және мәдени тәжірибесіне негізделген антропоморфизм қағидатының әрекетіне негізделген заңдылықтарды жарыққа шығарады.

Соңғы кездері гендерлік метафора термині жынысқа байланысты кез келген метафоралық мағынаны білдіру үшін қолданылып жүр [7]. Гендерлік дискурс үлкен идеологиялық қызмет атақарады, себебі ол түрлі әлеуметтік топтар арасындағы доминантты қарым-қатынасқа әсер етеді. Дж. Лакофф және М. Джонсон атап өткендей, «метафоралар біздің тәжірибеміздің белгілі бір аспектілерін анықтап, байланыстырады» [8, 156].

Ұлттық мәдениеттегі арнайы белгілер мен бағалар образын берудің бір тәсілі мақал-мәтелдерде кеңінен көрініс табатын метафоралар болып табылады.

#### **Материалдар мен әдістер**

Бұл зерттеу жұмысында «Бабалар сөзі» 100-томдық сериясының 65, 66, 69-томдарына енген мақал-мәтелдердің ішінен гендерлік метафоралар арқылы берілген оппозитивті мағынадағы мақал-мәтелдер іріктеліп алынды. Зерттеу жұмысында мақал-мәтел мәтіндік сипаттамаларға, прагматикалық қызметтерге ие дереккөз ретінде қарастырылды. Талдау гендерлік оппозиция туралы теориялық түсініктер мен когнитивті семантика аппаратын қолдану арқылы концептуалды метафора теориясына сүйене отырып жүргізілді.

#### **Нәтижелер мен талқылау**

Жоғарыда көрсеткеніміздей, «гендер» еркектік және әйелдік категорияларын ашып көрсететін болса, онда гендерді құрылымдаудың негізгі мәні полярлылық және қарама-қарсылық болып табылады. Осыған байланысты мақал-мәтелдердегі бірінші бөлігі аталық бастаумен, ал екінші бөлігі аналық бастаумен байланысты айтылған кейбір бинарлы оппозициялар жүйесін қарастырмақпыз.

Оппозициялық жұптар мәдениет мағынасының аялық шекарасын қалыптастырады. Бинарлы оппозиция адамның тұтас әлемді қабылдауының екі жағы бар екендігін көрсетеді. Қарама-қарсылық белгілі бір болмыстың екі жағын құрай отырып, оның ұқсастығы мен айырмашылығын көрсетеді. Белгілі бір болмыстың екінші бір болмысқа қарсы қойылғандығы туралы айту үшін екеуінің арасында салыстыруға негіз бола алатын белгілі бір ортақтық болу керек. Қарама-қарсы қою оппозиция мүшелерінің бір-бірінен ерекшеленетін белгілеріне ғана емес, сонымен қатар олардың ортақ белгілеріне негізделеді. Мысалы ер адамның бар екендігін әйел адаммен

салыстырмай түсіндіре алмаймыз немесе керісінше. Бұл жерде салыстырудың базалық негізі олардың адамзатқа қатысты ортақтылығында. Аталық және аналық бастаулар әлем жүйесіндегі рух пен материяны білдіру арқылы біртұтас субстанцияның екі жағы болып табылады. Рух пен материяның және әке мен ананың біртұтастығы - әлемнің негізгі заңдылығы, ғаламның жаратылуы, дамуы және өмір сүруі осы заңдылықтың негізінде жатыр.

Т. В. Цивьянның пікірі бойынша, еркектік – әйелдік оппозициясы мүшелерінің қарама-қарсылығы (кереғарлығы) олардың белсенді, шығармашылық байланысын білдіреді, осы байланыс жаратылыстың, әлемнің мәнін, оның үнемі жаңарып отыруын, тұрақтылығын және ұзақтығын көрсетеді [9, 14].

*Еркектік – әйелдік* оппозициясы табиғаттың дуализмін сипаттайтын негізгі бинарлы жүйелердің бірі, ер, әйел ұғымдары халықтың рухани мәдениеті мен діліндегі маңызды түсініктерді білдіреді, бұл оппозицияны білдіретін тілдік бірліктерде материалдық және рухани мәдениеттің құндылықтары жинақталған. Гендерлік оппозиция қарама-қарсы екі бөлігі бір-бірін толықтырып тұратын комплементарлы түсініктердің қатарына жатады.

Осыған дейінгі зерттеулерімізде еркек пен әйелді қарсы қойып салыстыру немесе қатарластыра сипаттау қазақ мақал-мәтелдерінде жиі кездесетін гендерлік ерекшелік екендігіне тоқталған болатынбыз [10, 130]. Соның тағы бір дәлелі ретінде бұл жолғы талдау барысында мақал-мәтелдер дискурсынан метафоралар арқылы берілген келесі гендерлік оппозицияларды анықтадық:

**Ұл - қыз оппозициясы:**

Жақсы қыз – жағадағы құндыз,

Жақсы жігіт – көктегі жұлдыз.

Қыз – ауылдың көркі,

Жігіт – ауылдың серті.

Ұл – орнықты алтын ту,

Қыз – айдыннан ұшатын қу.

Ер бала ата-анаға таяу,

Қыз бала – үйге жаққан бояу.

Қыз «куыршақ» дейді,

Бала «құлыншақ» дейді.

Қыз өріс емес пе,

Ұл қоныс емес пе?

Ұл өссе, ұрпақ,

Қыз өссе, өріс.

**Ата-ана оппозициясы**

Ата – асқар тау,

Ана – бауырындағы бұлақ,

Бала – жағасындағы құрақ.  
Әке – жезде, ана – қазына.  
Еркек-әйел оппозициясы  
Еркек – бас, ұрғашы – мойын.  
Ұятсыз қатын – тұзсыз ас,  
Әдепсіз жігіт – жүгенсіз ат.  
Еркек семіз болса – есек,  
Қатын семіз болса – төсек.  
Батыр – өктем, балуан – алып,  
Әйел – дария, ер – балық.

Қарама-қарсылық теориясы тұрғысынан алғанда жоғарыда келтірілген мақал-мәтелдерде ер адам мен әйел адам образы бірін-бірі толықтырып тұр. Ата-ана оппозициясындағы (1) мақалда тау мен бұлақ бір-бірін толықтырып тұратын табиғат құбылысы болса, ата-ана да – сол сияқты бір-бірінсіз мәні толық ашылмайтын түсініктер. Еркек-әйел оппозициясындағы (1) мақалда да адамның басы мен мойны сияқты еркек пен әйел де – бір-бірінсіз қызмет ете алмайтын дене мүшелері ретінде бір-біріне тәуелді құбылыстар. Бұл көрсетілген мысалдар жоғарыда келтірілген еркек-әйел оппозициясының бірін-бірі толықтырып тұратын ерекшелігін көрсетеді.

Ал жоғарыда келтірілген мақал-мәтелдерге концептуалды метафора теориясы тұрғысынан баға беретін болсақ, осы мақал-мәтелдерде кездесетін гендерлік метафораларды мәдени концептуалды метафоралар қатарына жатқыза аламыз, себебі мақал-мәтелдер де, метафоралар да мәдени символикаға тұнып тұр.

Дж. Лакофф және М. Джонсонның ұсынған концептуалды метафора теориясы бойынша талдауға алынған мақал мәтелдер корпусынан келесі метафоралар анықталды: қыз – құндыз, жігіт – жұлдыз; қыз – көрік, жігіт – серт; ұл – ту, қыз – аққу; ұл – таяу, қыз – бояу; ұл – құлыншақ, қыз – қуыршақ; қыз – өріс, ұл – қоныс; ата – тау, ана – бұлақ; әке – жезде, ана – қазына; еркек – бас, ұрғашы – мойын; әйел – дария, ер – балық.

Келтірілген метафоралық қолданыстардан бірнеше метафоралық модельдерді ажыратуға болады: әйелді сипаттайтын метафоралық модельдер: әйел – жануар (құндыз), әйел – құс (аққу), әйел – артефакт (бояу, қуыршақ), әйел – табиғат құбылысы (өріс, бұлақ, дария), әйел – дене мүшесі (мойын); ер адамды сипаттайтын метафоралық модельдер: еркек – жануар (құлыншақ, балық), еркек – табиғат құбылысы (жұлдыз, тау), еркек – артефакт (ту, таяу, қоныс), ер адам – дене мүшесі (бас).

Бұл метафоралық модельдер бағалауыштық-сипаттамалық тұрғыда ер адам мен әйел адамның бейнесін түрлі аспектіде суреттейді. Қыз – құндыз, қыз – өріс, ана – қазына, ана – бұлақ, ұрғашы – мойын, әйел – дария



метафоралық қатарлары қыз баланың, әйел адамның, ананың қоғамдағы орнын, әлеуметтік рөлін жалпы тұрғыда сипаттаса, қыз – аққу, қыз – бояу метафоралық қатарында жалпы қазақ халқының түсінігіндегі қыз баланы үйдің «қонағы» ретінде бағалауы көрініс береді.

Ер адамды сипаттайтын метафоралық модельдердегі жігіт – жұлдыз, жігіт – серт, ұл – ту, ұл – таяу, ұл – қоныс, ата – тау, еркек – бас метафоралық модельдері ер адамның отбасындағы, қоғамдағы басым рөлін білдерсе, әке – жезде, ер – балық метафоралық қатарлары ер адамның мінез-құлық, өзін өзі ұстау ерекшеліктерін көрсетеді.

Келтірілген метафоралық модельдердегі салыстыратын және салыстырылатын нысандардың байланысу нүктесі – екі нысанның арасындағы ұқсастық. Мұны ғалым М. Блэтсас «мысалы, жануарлардағы адамдарға тән сипаттардың мақал-мәтелдердегі метафоралар көмегімен адамдарға қайтып оралуы» деп көрсетеді [11, 28].

### **Қорытынды**

«Мақал-мәтелдердің мазмұны әлеуметтік құндылықтарға толы және мақал-мәтелдер арқылы халықтың мәдени коды беріледі» [12, 145]. Ал гендер – әлеуметтік-мәдени феномен, сондықтан мақал-мәтелдер контексті гендер категориясының мазмұнын жан-жақты ашуға мүмкіндік береді. Бұл тұжырымға осы зерттеуімізде де көз жеткіздік.

Мақал-мәтелдер дискурсындағы гендерлік қарым-қатынасқа оппозициялық тұрғыдан талдау жасау қорытындысында, метафоралық жолмен берілген ер және әйел бинарлы оппозициясының бірін-бірі толықтырып тұратын комплементарлы қасиеті анықталды. Метафоралық қолданыстарды топтау кезінде ер мен әйелді метафоралар арқылы салыстыру қатаң бинарлы түсінікке негізделген дүниетаным арқылы көрініс тапқандығы аңғарылады.

Концептуалды метафора теориясы тұрғысынан метафоралық модельдерді анықтауда ер адам мен әйел адам көбінесе жануарлар мен табиғат құбылысы арқылы берілгендігіне көз жеткіздік. Бұған қазақ халқының табиғатпен бірлікте өмір сүру тәжірибесінің көрінісі деп қарауға болады. Бұл жоғарыда айтылған мақал-мәтелдердегі метафоралар халықтың дүниетанымының, өмір тәжірибесінің көрінісі деген пікірге дәлел.

Мақал-мәтелдер дискурсында ер адамның да, әйел адамның да қоғамдағы орнына баса мән берілген. Бұл белгілі бір деңгейде қазақ дүниетанымында ер мен әйелдің әлеуметтік рөлі тең дәрежеде бағаланатынын білдіреді.

Осылайша, мақал-мәтелдерде кездесетін гендерлік метафоралар осы тілдік және мәдени қоғамдастықта маңызды орынға ие ұғым екендігіне көз жеткіземіз.

## ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Брандт, Г. А.** Природа женщин как проблема: Концепция феминизма [Текст] // *Общественные науки и современность*. – 1998. – № 2. – С. 167-189.
- 2 **Алефиренко, Н. Ф.** Фразеология в свете современных лингвистических парадигм [Текст]. – М.: Изд-во «Элпис», 2008. – 271 с.
- 3 **Фомин, А. Г.** Психолингвистическая концепция моделирования гендерной языковой личности [Текст]. – Кемерово : Кузбасс вузиздат, 2003. – 236 с.
- 4 **Зыкова, И. В.** Способы конструирования гендера в английской фразеологии [Текст]. – М.: УРСС, 2003. – 200 с.
- 5 **Mieder, W.** *Proverbs Westport* [Text]. – Connecticut : Greenwood Press, 2007. – 150 p.
- 6 **Gibbs, V.** *What Proverb Understanding Reveals About How People Think* [Text]. – Baltmannsweiler : Schneider, 2003. – 50 p.
- 7 *Словарь гендерных терминов* [Текст] / А. А. Денисова и др. – М.: Информация XXI век, 2002. – 256 с.
- 8 **Lakoff, G.** *Metaphors We Live By* [Text]. – Chicago : University of Chicago Press, 1980. – 180 p.
- 9 **Цивьян, Т. В.** Модель мира и ее лингвистические основы [Текст]. – М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2009. – 280 с.
- 10 **Шоқым, Г. Т.** Тілдің гендерлік жіктелім ерекшеліктері [Мәтін]. – Алматы : Бастау, 2009. – 120 б.
- 11 **Bletsas, M.** *Gendered Metaphors in Proverbs. A study on Italian and French* [Text] // *Metaphorik.de: Metaphor and Gender*. – 2020. – №30. – P. 25–35. [Электронды ресурсы]- [https://www.metaphorik.de/sites/www.metaphorik.de/files/journal-pdf/3\\_metaphorik\\_30-2020-bletsas.pdf](https://www.metaphorik.de/sites/www.metaphorik.de/files/journal-pdf/3_metaphorik_30-2020-bletsas.pdf)
- 12 **Biray, N.** *Proverbs with «mind» as a common value of the Turkish world* [Text] // *Turk Kulturu ve Hacı Bektaş Veli - Arastirma Dergisi*. – 2017. – № 81. – P. 133–150. [Электронды ресурсы]- <http://www.scopus.com/inward/record.url?eid=2-s2.0-85017638163&partnerID=MN8TOARS>

## REFERENCES

- 1 **Brandt, G. A.** *Priroda zhenshin kak problema : Konceptiya feminizma* [The nature of women as a problem: The Concept of Feminism] [Text] // *Social sciences and modernity*. – 1998. – No. 2. – P. 167–189.
- 2 **Alefirenko, N. F.** *Frazeologiya v svete sovremennykh lingvisticheskix paradigim* [Phraseology in the light of modern linguistic paradigms] [Text]. – Moscow : Izd-vo «E’lpis», 2008. – 271 p.

3 **Fomin, A. G.** Psixolingvističeskaja koncepcija modelirovaniya gendernojazykovoj ličnosti [Psycholinguistic concept of modeling gender linguistic personality] [Text]. – Kemerovo : Kuzbass vuzizdat, 2003. – 236 p.

4 **Zykova, I. V.** Sposoby konstruirovaniya genera v anglijskoj frazeologii [Ways of constructing gender in English phraseology] [Text]. – Moscow : URSS, 2003. – 200 p.

5 **Mieder, W.** Proverbs Westport [Text]. – Connecticut : Greenwood Press, 2007. – 150 p.

6 **Gibbs, B.** What Proverb Understanding Reveals About How People Think [Text]. – Baltmannsweiler : Schneider, 2003. – P. 50.

7 **Slovar' gendernyx terminov** [Dictionary of gender terms] [Text] / A. A. Denisova [et. al]. – Moscow : Informatsiia XXI vek, 2002. – 256 p.

8 **Lakoff, G.** Metaphors We Live By [Text]. – Chicago: University of Chicago Press, 1980. – 180 p.

9 **Tsivian, T. V.** Model mira i ee lingvističeskie osnovy [Model of the world and its linguistic foundations] [Text]. – Moscow : Knizhnyi dom «LIBROKOM», 2009. – 280 p.

10 **Shoqym, G. T.** Tildin genderlik zhiktelim erekshelikteri [Features of the gender classification of the language] [Text]. – Almaty : Bastau, 2009. – 120 p.

11 **Bletsas, M.** Gendered Metaphors in Proverbs. A study on Italian and French [Text] // Metaphorik.de: Metaphor and Gender. – 2020. – № 30. – P. 25–35. [Electronic resource] - [https://www.metaphorik.de/sites/www.metaphorik.de/files/journal-pdf/3\\_metaphorik\\_30-2020-bletsas.pdf](https://www.metaphorik.de/sites/www.metaphorik.de/files/journal-pdf/3_metaphorik_30-2020-bletsas.pdf)

12 **Biray, N.** Proverbs with «mind» as a common value of the Turkish world [Text] // Turk Kulturu ve Hacı Bektaş Veli - Arastirma Dergisi. – 2017. – № 81. – P. 133-150. [Electronic resource] - <http://www.scopus.com/inward/record.url?eid=2-s2.0-85017638163&partnerID=MN8TOARS>

Материал баспаға 13.06.22 түсті.

*Н. Бирай<sup>1</sup>, Г. Т. Шоқым<sup>2</sup>, \*К. Б. Жумашева<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>Университет Памуккале, Турция, г. Денизли;

<sup>2,3</sup>Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Республика Казахстан, г. Ақтобе.

Материал поступил в редакцию 13.06.22.

## РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ ГЕНДЕРНОЙ ОППОЗИЦИИ В ПОСЛОВИЦАХ ЧЕРЕЗ МЕТАФОРЫ

*В настоящее время в изучении человека в языковой картине мира важное место занимают характеристики языковой личности, в том числе категория пола. Содержание гендерных понятий в различных лингвокультурных сообществах рассматривается через языковые структуры, так как гендерное познание проявляется на всех уровнях языка и выражает определенные оценки. В статье определено, что пословицы гендерного содержания составляют важный пласт паремнологического фонда языка, являются интересным материалом для познания картины мира в различных лингвокультурах. И дается объяснение категории гендерной метафоры, которая входит в число концептуальных метафор, выражает своеобразие нации, культуры. Поскольку «гендер» раскрывают категории мужественности и женственности, то представляется, что основной смысл структурирования гендера – оппозитивные отношения. В связи с этим, рассматривая пословицы как наиболее используемую дискурсивную среду культурных концептуальных метафор, из корпуса пословиц отбираются пословицы, содержащие гендерные оппозитивные отношения, содержание которых выражено через гендерные метафоры, и анализируется система бинарных оппозиций, в которой первая часть связана с мужским началом, а вторая – с женским началом. В ходе анализа были показаны оппозиции мальчик-девочка, отец-мать, мужчина-женщина. По теории концептуальной метафоры, предложенной Дж. Лакоффом и М. Джонсоном, подобран ряд гендерных метафор. Из приведенных метафорических применений выделяются несколько метафорических моделей. В заключении исследования дана описательная оценка полученных результатов, доказан вывод о том, что гендерные метафоры, встречающиеся в пословицах, являются отражением мировоззрения, жизненного опыта народа.*

*Ключевые слова: гендерная метафора, гендерная оппозиция, пословица, метафорическая модель, гендерная лингвистика.*

N. Biray,<sup>1</sup> G. T. Shokym<sup>2</sup>, \*K. B. Zhumasheva<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Pamukkale University, Turkey, Denizli,

<sup>2,3</sup> K. Zhubanov Aktobe Regional University, Republic of Kazakhstan, Aktobe.

Material received on 13.06.22.

## REPRESENTATION OF GENDER OPPOSITION IN PROVERBS THROUGH METAPHORS

*At present, the personal characteristics of the linguistic personality, including the category of gender, play an important role in the study of human beings in the linguistic picture of the world. The content of gender concepts in different linguistic and cultural communities is considered through linguistic structures, as gender cognition manifests itself at all levels of language and expresses certain values. The article determines that proverbs of gender content constitute an important stratum of the paremiological fund of the language and are an interesting material for learning the picture of the world in different linguocultures. The article determines that proverbs of gender content constitute an important layer of the paremiological fund of the language and are an interesting material for learning the picture of the world in different linguocultures. The article explains the category of gender metaphor, which is among the conceptual metaphors, expressing the uniqueness of a nation, culture. Since «gender» reveals the categories of masculinity and femininity, it seems that the main meaning of gender structuring is oppositional relations. In this connection, considering proverbs as the most used discursive medium of cultural conceptual metaphors, proverbs containing gender oppositional relations, the content of which is expressed through gender metaphors, are selected from the body of proverbs and the system of binary oppositions, in which the first part is related to masculinity and the second part to femininity, is analyzed. The analysis showed the oppositions of boy-girl, father-mother, and man-woman. According to the theory of conceptual metaphor proposed by J. Lakoff and M. Johnson, a number of gender metaphors were selected. From the given metaphorical applications several metaphorical patterns are highlighted. The conclusion of the study provides an evaluative and descriptive assessment of the results obtained and proves the conclusion that the gender metaphors found in proverbs are a reflection of the worldview and life experience of the people.*

*Keywords: gender metaphor, gender opposition, proverb, metaphorical model, gender linguistics.*

Теруге 13.06.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2022 ж. қол қойылды.  
Электронды баспа  
2,19 МБ RAM  
Шартты баспа табағы 18,65. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.  
Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова  
Корректор: А. Р. Омарова  
Тапсырыс № 3937

Сдано в набор 13.06.2022 г. Подписано в печать 30.06.2022 г.  
Электронное издание  
2,19 МБ RAM  
Усл. печ. л. 18,65. Тираж 300 экз. Цена договорная.  
Компьютерная верстка: А. К. Мыржикова  
Корректор: А. Р. Омарова  
Заказ № 3937

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.  
67-36-69  
e-mail: kereku@tou.edu.kz  
www.vestnik.tou.edu.kz